



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

23.09.2020

Атырау қаласы

№ 70

город Атырау

**2020-2021 оқу жылынада
Қамқоршылық кеңесті
құру туралы**

«Білім туралы» ҚР Заңының 44-бап 9-тармаққа сәйкес «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде **БҮЙЫРАМЫН:**

І.ІТ мектеп-лицейде Қамқоршылық кеңесі құрылып, төмендегідей құрамда құрамы бекітілсін:

1. Сұлтанова Л.К. – Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:
 2. Ермұханов Н – «Елсана» руханият клубының төрағасы
 3. Нуршанова Ш.Б – Атырау ҚПБ №1 ҚПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты;
 4. Кубашева Р – Жеке кәсіпкер;
 5. Құспанғалиева А – 1- сынып ата-аналарының өкілі;
 6. Қарсақбаев А – 2-ші сынып ата-аналарының өкілі;
 7. Шалабаева К – 7-ші сынып ата-аналарының өкілі;
 8. Кабдулова Ж – 8-ші сынып ата-аналарының өкілі;
 9. Мустафаева А – 9-ші сынып ата-аналарының өкілі;
 10. Махамбетова Д – 10-ші сынып ата-аналарының өкілі;
 11. Лекерова Ж – 11-ші сынып ата-аналарының өкілі;
2. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып, әлеуметтік педагог З. Дарбаева тағайындалсын.
3. ІТ мектеп-лицейде қамқоршылық кеңестің жалпы ережелеріне сәйкес іс-шара жоспары жасақталсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

ІТ мектеп-лицей директоры:

Ш.Б.Имашова

Атырау қаласы білім бөліміне қарасты «ІТ мектеп-лицей» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

«Қамқоршылық кеңес» отырысының

Хаттамасы №1

ІТ мектеп-лицейде «Қамқоршылық кеңесінің» отырысы өтті
Өткізілген күні: 22.09.2020ж

Қатысушылар саны – 11

Қамқоршылық кеңестің кезекті жиналысын кеңес төрайымы Л.Султанова ашып, күн тәртібімен таныстырды.

Күн тәртібі:

1. 2020-2021 оқу жылында мектептегі «Қамқоршылық кеңес» жұмысы туралы.
2. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізу туралы.
3. 2020-2021 оқу жылына арналған «Қамқоршылық кеңестің» құрамын сайлау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Л.К.Султанова: «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығын таныстырды. Қамқоршылық кеңес арқылы мектепке жан-жақты қолдау көрсету, мұғалімдердің білімін жетілдіру, оқушыларды байқау-сайыстарға қатыстыру үшін қолдау керектігін айтып өтті.

Тыңдалды:

Екінші мәселе барысында әлеуметтік педагог З.Дарбаева сөз алды: Республикалық «Мектепке жол» акциясы лицейде жылма-жыл ұйымдастырылып отырады. Биылғы 2020-2021 оқу жылында акция аясында ата-ана Оразғалиева Жадыра 1-сынып оқушысы Джанахметова Маликаға мектеп құралдарын табыстады. «Тағқан Сервис» жеке шаруашылық серіктестігі 4 оқушыға мектеп-құралдарын берді:

1. Абдолла Айша-Бибі – 8 сынып
2. Абдолла Әсел – 9 сынып
3. Төлеуін Адлет – 7 сынып
4. Блашев Мұхамбет – 8 сынып

Әкімшілік өздері келісе отырып, 2 «а» сынып оқушылары Қарасаева Наргиз бен Марат Адияның ата-анасына қаржылай көмек көрсетті.

Сондай-ақ 2 «б» сынып оқушысы Аширбекова Мерейдің ата-ана Ә.Аширбековаға қалалық білім бөлімі тарапынан 25000 көлемінде ақшалай көмек көрсетілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына өзгерістер енгізу туралы ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 Қаулысын басшылыққа ала отырып, жалпыға ортақ білім беру қорынан 11 оқушы қаржылай көмек көрсетілді.

Осы жиналысқа қатысушылардың пікірлері тыңдалып және талқыланып, ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектептегі «Қамқоршылық кеңес» жұмысын ата-аналармен бірлесіп, жұмысы жандандырылсын.
2. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға уақытында қолдау жүзеге асырылсын.
3. Төменде көрсетілген «Қамқоршылық кеңестің» құрамы бекітілсін:
 1. Сұлтанова Л.К. – Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:
 2. Ермұханов Н – «Елсана» руханият клубының төрағасы
 3. Нуршанова Ш.Б – Атырау ҚПБ №1 ҚПБ ЖПКБ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты
 4. Кубашева Р – Жеке кәсіпкер
 5. Құспанғалиева А – 1-ші сынып ата-аналарының өкілі
 6. Қарсақбаев А – 2-ші сынып ата-аналарының өкілі
 7. Шалабаева К – 7-ші сынып ата-аналарының өкілі
 8. Қабдулова Ж – 8-ші сынып ата-аналарының өкілі
 9. Мустафаева А – 9-ші сынып ата-аналарының өкілі
 10. Махамбетова Д – 10-ші сынып ата-аналарының өкілі
 11. Лекерова Ж – 11-ші сынып ата-аналарының өкілі
4. Әлеуметтік педагог Дарбаева З. – Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып тағайындалсын.

Кеңес төрайымы:
Кеңес хатшысы:



Л.Сұлтанова
З.Дарбаева

Атырау қаласы білім бөліміне қарасты «ІТ мектеп-лицей» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

«Қамқоршылық кеңес» отырысының

Хаттамасы №2

ІТ мектеп-лицейде «Қамқоршылық кеңесінің» отырысы өтті

Өткізілген күні: 03.11.2020ж

Қатысушылар саны – 7

Қамқоршылық кеңестің кезекті жиналысын кеңес төрайымы Л.Султанова ашып, күн тәртібімен таныстырды.

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64қаулысы бойынша Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай –ақ мемлекеттік атаулы көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларында тұратын балаларға, төтенше жағдайдың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасыларынан шыққан, санаты анықталған кезінен кемінде үш жыл мәртебесі бар балаларды жаңа жылдық тәтті сыйлықтар алуға ұсыну.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы Л.Султанова сөз сөйлеп, кеңес отырысын талқылап, жаңа жылдық тәтті сыйлық алатын балаларды атауын айтып өтті.

Тыңдалды:

1. ІТ мектеп-лицейдің әлеуметтік педагогы З.Р. Дарбаева сөз алды.

Қазіргі таңда әлеуметтік көмек алуға тіркелген оқушыларды және әлеуметтік көмектен бас тартқан, алайда мүгедектігі бар оқушыларды атап, төменде көрсетілген оқушылардың тізімін қалалық білім бөліміне жолдағанын айтты. Алайда қалалық білім бөлімінен келген 2020 жылдың 2 қарашасындағы №03-04-01-12/2650 хатында көрсетілгендей №64 қаулыға сәйкес әлеуметтік тізімдегі санаты анықталған кезінен кемінде 3 жыл мәртебесі бар балалар болуы керектігін баса айтты. Осы орайда 9 «Б» сынып оқушысы Манарбекқызы Аружанның толықтай аталған санатқа сай келетінін және сонымен қатар мектебіміздің 2«А» сынып оқушысы Аширбекова Мерей атаулы әлеуметтік көмек алатындығын ескере отырып, осы тізімге қосуға ұсыныс берді.

Осы жиналысқа қатысушылардың пікірлері тыңдалып және талқыланып, **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1.9 «б» сынып оқушысы Манарбекқызы Аружан мен 2«а» сынып оқушысы Ашырбекова Мерейді жаңа жылдық тәтті сыйлық алатын оқушылардың тізіміне қосылсын.

Кеңес төрайымы:
Кеңес хатшысы:



Л. Султанова
З. Дарбаева

Атырау қаласы білім бөліміне қарасты «ІТ мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Қамқоршылық кеңес» отырысының

Хаттамасы №3

ІТ мектеп-лицейде «Қамқоршылық кеңесінің» отырысы өтті
Өткізілген күні: 11.12.2020ж

Қатысқандар:

1. Қамқоршылық кеңес - 10
2. Сынып жетекшілер - 23
3. Мұғалімдер - 35
4. Ата-ана - 175

Күн тәртібінде:

1.ІТ мектеп-лицей бойынша бюджеттен бөлінген қаржының жұмсалуды жөнінде есеп беру.

Тыңдалды:

ІТ мектеп-лицейде онлайн режимінде кезектен тыс жиналыс өтті. Жиналыста ІТ мектеп-лицей директоры Ш.Б.Имашова сөз алып, жиналыстың күн тәртібімен таныстырды. ІТ мектеп-лицей бойынша бюджеттен бөлінген қаржының жұмсалуды жөнінде есеп берді.

Лицей ұстаздары, ата-аналар жиналысқа қатысушылар бүгінгі жиналысымыздың мақсаты Атырау облысы Білім беру басқармасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жоспарының» «Орта білім беру ұйымдары басшыларының ата-аналар ұжымының алдында, соның ішінде орта білім беру ұйымдарын ұстау үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуды жөнінде есеп беру кездесулерін өткізу» 29 тармағын орындау мақсатында жиналыс өткізіп отырмыз. Әр тоқсан сайын мектепшілік ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, мемлекет тарапынан мектепке бөлінген қаражаттың қайда жұмсалып жатқаны жайында есеп беріп отырамыз.

2020 жылға жергілікті бюджеттен 95 452 000 (тоқсан бес миллион төрт жүз елу екі мың) қаржы бөлінді. Соның ішінде жалақыға 85 349 000 (сексен бес миллион үш жүз қырық тоғыз мың) теңге қаржы, ғимаратты ұстауға 10 103 000 (он миллион жүз үш мың) теңге қаржы бөлінді.

2019-2020 оқу жылында ІТ мектеп-лицейде алғаш рет бастауыш сыныптары ашылды. 1-сыныптың 49 оқушысы ыстық тамақпен қамтылды. Оған 780 000 (жеті жүз сексен мың) теңге қаражат бөлінді.

Сонымен қатар 2019-2020 оқу жылында жыл сайынғы өтетін «Қамқорлық» акциясы аясында 104 000 (жүз төрт мың) теңге бөлініп, 4 оқушыға киім-кешектер алынып берілді.

Мектепте әртүрлі шараларға, мерекелерге ақша жинауға қатаң тыйым салу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша 2019 жылдың 21 қыркүйек күні № 77 бұйрық шығарылып, «Сенім жәшігі» орналастырылды. ІТ мектеп-лицейде 45 36 54 нөмірлі «Сенім телефоны» қызмет етеді. «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонына» келіп түскен ақпараттар мен өтініштерге жауап беретін комиссия құрылған.

Қорытындылай келе, әрбір ата-ана баласы білім алатын мектептің мемлекет тарапынан қанша қаржы бөлінетінін біліп отыру маңызды. Бұл қаржының тиімді жұмсалуды бәріміз үшін маңызды мәселе.

Осы жиналысқа қатысушылардың пікірлері тыңдалып және талқыланып, ШЕШІМ ЕТТІ:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу жұмыстары күшейтілсін және үнемі бақылауда ұсталсын.

2) Жыл сайын бюджеттен бөлінген қаржының жұмсалуды жөнінде есеп беріліп отырсын.

Жиналыс төрайымы:



Л.Султанова

Жиналыс хатшы:



З.Р. Дарбаева

Атырау облысы Білім беру басқармасы Атырау қаласы білім бөлімінің «ІТ мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Қамқоршылық кеңес» отырысының

Хаттамасы №4

ІТ мектеп-лицейде «Қамқоршылық кеңесінің» отырысы өтті

Өткізілген күні: 19.02.2021ж

Қатысқандар:

1. Қамқоршылық кеңес - 8
2. Сынып жетекшілер - 23
3. Мұғалімдер - 10
4. Ыстық тамақпен қамту бойынша - 1

Күн тәртібінде:

1.ІТ мектеп-лицей бойынша бастауыш 1-2 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Тыңдалды:

ІТ мектеп-лицейде онлайн режимінде кезектен тыс жиналыс өтті. Жиналыста ІТ мектеп-лицей директоры Ш.Б.Имашова сөз алып, жиналыстың күн тәртібімен таныстырды. ІТ мектеп-лицей бойынша жөнінде есеп берді.

Лицей ұстаздары, ата-аналар жиналысқа қатысушылар бүгінгі жиналысымыздың мақсаты Атырау облысы Білім беру басқармасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көленкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жоспарының» «Орта білім беру ұйымдары басшыларының ата-аналар ұжымының алдында, соның ішінде орта білім беру ұйымдарын ұстау үшін бюджеттен бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуды жөнінде есеп беру кездесулерін өткізу» 29 тармағын орындау мақсатында жиналыс өткізіп отырмыз. Әр тоқсан сайын мектепшілік ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, мемлекет тарапынан мектепке бөлінген қаражаттың қайда жұмсалып жатқаны жайында есеп беріп отырамыз.

2020 жылға жергілікті бюджеттен 95 452 000 (тоқсан бес миллион төрт жүз елу екі мың) қаржы бөлінді. Соның ішінде жалақыға 85 349 000 (сексен бес миллион үш жүз қырық тоғыз мың) теңге қаржы, ғимаратты ұстауға 10 103 000 (он миллион жүз үш мың) теңге қаржы бөлінді.

2019-2020 оқу жылында ІТ мектеп-лицейде алғаш рет бастауыш сыныптары ашылды. 1-сыныптың 49 оқушысы ыстық тамақпен қамтылды. Оған 780 000 (жеті жүз сексен мың) теңге қаражат бөлінді.

Сонымен қатар 2019-2020 оқу жылында жыл сайынғы өтетін «Қамқорлық» акциясы аясында 104 000 (жүз төрт мың) теңге бөлініп, 4 оқушыға киім-кешектер алынып берілді.

Мектепте әртүрлі шараларға, мерекелерге ақша жинауға қатаң тыйым салу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша 2019 жылдың 21 қыркүйек күні № 77 бұйрық шығарылып, «Сенім жәшігі» орналастырылды. ІТ мектеп-лицейде 45 36 54 нөмірлі «Сенім телефоны» қызмет етеді. «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонына» келіп түскен ақпараттар мен өтініштерге жауап беретін комиссия құрылған.

Қорытындылай келе, әрбір ата-ана баласы білім алатын мектептің мемлекет тарапынан қанша қаржы бөлінетінін біліп отыру маңызды. Бұл қаржының тиімді жұмсалуды бәріміз үшін маңызды мәселе.

Осы жиналысқа қатысушылардың пікірлері тыңдалып және талқыланып, ШЕШІМ ЕТТІ:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу жұмыстары күшейтілсін және үнемі бақылауда ұсталсын.

2) Жыл сайын бюджеттен бөлінген қаржының жұмсалуды жөнінде есеп беріліп отырсын.

Жиналыс төрайымы:



Л.Султанова

Жиналыс хатшы:



З.Р. Дарбаева



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

01.09.2021

Атырау қаласы

№ 168

город Атырау

**2021-2022 оқу жылына
Қамқоршылық кеңесті
құру туралы**

«Білім туралы» ҚР Заңының 44-бап 9-тармаққа сәйкес «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде **БҮЙЫРАМЫН:**

І.ІТ мектеп-лицейде Қамқоршылық кеңесі құрылып, төмендегідей құрамда құрамы бекітілсін:

1. Сұлтанова Л.К. – Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері;
2. Ермұханов Н – «Елсана» руханият клубының төрағасы
3. Кубашева Р – Жеке кәсіпкер;
4. Кулишова Д – 1- сынып ата-аналарының өкілі;
5. Құспанғалиева А – 2-ші сынып ата-аналарының өкілі;
6. Қарсақбаев А – 3-ші сынып ата-аналарының өкілі;
7. Дербисова Р – 7-ші сынып ата-аналарының өкілі;
8. Джумағазиева Г – 8-ші сынып ата-аналарының өкілі;
9. Кундешова А – 9-ші сынып ата-аналарының өкілі;
10. Кульжанисова Ш – 10-ші сынып ата-аналарының өкілі;
11. Махамбетова Д – 11-ші сынып ата-аналарының өкілі;

2. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып, әлеуметтік педагог А. Утесинова тағайындалсын.

3. ІТ мектеп-лицейде қамқоршылық кеңестің жалпы ережелеріне сәйкес іе-шара жоспары жасакталсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

ІТ мектеп-лицей директоры:

Ш.Б.Имашова

Атырау облысы Білім Беру басқармасы Атырау қаласы білім бөлімінің
«ІТ мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Қамқоршылық кеңес» отырысының

Хаттамасы №1

ІТ мектеп-лицейде «Қамқоршылық кеңесінің» отырысы өтті
Өткізілген күні: 08.09.2021ж

Қатысушылар саны – 11

Қамқоршылық кеңестің кезекті жиналысын кеңес төрайымы
Л.Султанова ашып, күн тәртібімен таныстырды.

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 оқу жылындағы «Қамқоршылық кеңес» жұмысының есебі.
2. 2021-2022 оқу жылында «Қамқоршылық кеңестің» құрамын сайлау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы
Л.К.Султанова сөз алды.

2020-2021 оқу жылында «Қамқоршылық кеңес» жұмысының іс
шаралары жасақталып, жоспар құрылды. Кеңес мүшелері сайланды. Әрине
елдегі пандемиялық жағдайға қарамастан кеңес өз жұмысын
ұйымдастырды.

Республикалық «Мектепке жол» акциясы лицейде жылма-жыл
ұйымдастырылып отырады. 2020-2021 оқу жылында акция аясында ата-
ана Оразғалиева Жадыра 1-сынып оқушысы Джанахметова Маликаға
мектеп құралдарын табыстады. «Тағқан Сервис» жеке шаруашылық
серіктестігі 4 оқушыға мектеп-құралдарын берді:

1. Абдолла Айша-Бибі – 8 сынып
2. Абдолла Әсел – 9 сынып
3. Төлеуіш Адлет – 7 сынып
4. Блашев Мұхамбет – 8 сынып

Кеңес мүшелері өзара келісе отырып, 2 «а» сынып оқушылары Карасаева
Наргиз бен Марат Адияның ата-анасына қаржылай көмек көрсетті.

Сондай-ақ 2 «б» сынып оқушысы Аширбекова Мерейдің ата-ана
Ә.Аширбековаға қалалық білім бөлімі тарапынан 25000 көлемінде ақшалай
көмек көрсетілді. Сондай-ақ 7«в» сынып оқушысы Тулешов Әділет «Тау
самалы» демалыс лагеріне жіберілді.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша да кеңес төрайымы
Л.К.Султанова: «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің

жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығын таныстырды. Қамқоршылық кеңес арқылы мектепке жан-жақты қолдау көрсету, мұғалімдердің білімін жетілдіру, оқушыларды байқау-сайыстарға қатыстыру үшін қолдау керектігін айтып өтті.

Осы жиғналысқа қатысушылардың пікірлері тыңдалып және талқыланып, ҰСЫНЫС ЕТТІ:

1. Мектептегі «Қамқоршылық кеңесі» жұмысы ата-аналармен бірлесіп, жандандырылсын.

2. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға уақытында көмек көрсету жүзеге асырылсын.

3. Төменде көрсетілген «Қамқоршылық кеңестің» құрамы бекітілсін:

1. Сұлтанова Л.К. – Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:
2. Ермұханов Н – «Елсана» руханият клубының төрағасы
3. Кубашева Р – Жеке кәсіпкер;
4. Кулишова Д – 1- сынып ата-аналарының өкілі;
5. Құспанғалиева А – 2-ші сынып ата-аналарының өкілі;
6. Қарсақбаев А – 3-ші сынып ата-аналарының өкілі;
7. Дербисова Р – 7-ші сынып ата-аналарының өкілі;
8. Джумағазиева Г – 8-ші сынып ата-аналарының өкілі;
9. Кундешова А – 9-ші сынып ата-аналарының өкілі;
10. Кульжанисова Ш – 10-ші сынып ата-аналарының өкілі;
11. Махамбетова Д – 11-ші сынып ата-аналарының өкілі;

4. Әлеуметтік педагог Утесинова А.Е – Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып тағайындалсын.

Кеңес төрайымы:

Кеңес хатшысы:



Л.Сұлтанова

А.Утесинова

Атырау облысы Білім Беру басқармасы Атырау қаласы білім бөлімінің
«ІТ мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Қамқоршылық кеңес» отырысының

Хаттамасы №2

ІТ мектеп-лицейде «Қамқоршылық кеңесінің» отырысы өтті
Өткізілген күні: 13.09.2021ж

Қатысушылар саны - 9

Қамқоршылық кеңестің кезекті жиналысын кеңес төрайымы
Л.Султанова ашып, күн тәртібімен таныстырды.

Күн тәртібінде:

І.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008жылғы 25 қаңтардағы №64
қаулысы бойынша мемлекеттік білім беру мекемелерінің аз қамтылған, көп
балалы, толық емес, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған, жартылай жетім
отбасыларынан шыққан, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасының
балаларына және басқа санаттағы балаларға көмек жасау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ІТ мектеп-лицейдің әлеуметтік
педагогі А.Утесинова сөз берілді, ІТ мектеп-лицей бойынша көмекті қажет
ететін оқушылардың тізімін анықталды, көп балалы отбасы - 160, соның
ішінде аз қамтылғаны - 4, толық емес отбасы - 48, атаулы әлеуметтік
көмек (АӘК)-1 анықталды.

Әлеуметтік көмекке өтініш білдірген 5 отбасы болды. Оның екеуінің
арызы қанағаттандырылды. Олар Акатов Асылжан (7 «б» сынып),
Сисенғали Қуандық (7 «а» сынып) оқушылары. Ең төменгі күнкөріс
деңгейінен (34302 теңге) асып тұрғанына байланысты Бағытжанова Іңкәр
(7 «а» сынып), Нұрсұлтан Ербатыр (9 «в» сынып), Серіков Нұрдәулет (8
«б» сынып) қанағаттандырылмағандығы жөнінде жауап хат жолданғаны
айтылды.

Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген каражатқа көмек
көрсету, киім-кешекке сұраныс мына оқушыларға Акатов Асылжан
(7с), Сисенғали Қуандық (7с), Абдолла Айшабибі (9с), Абдолла Әсел (10с),
Манарбекқызы Аружан (10с), Аширбекова Мерей (3с), Канатова Азия (3с)
жасақталуда.

**Осы жиналысқа қатысушылардың пікірлері тыңдалып және
талқыланып, ҰСЫНЫС ЕТТІ:**

1. Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қаражатқа оқу құралдары мен киім-кешекке сұраныс төмендегі оқушыларға берілсін:

1. Акатов.А -7 «Б» сынып оқушысы;
2. Сисенғали.Қ -7 «А» сынып оқушысы;
3. Абдолла.А-9 «Г» сынып оқушысы;
4. Абдолла.А -10 «Г» сынып оқушысы;
5. Манарбекқызы.А.-10 «А» сынып оқушысы;
6. Аширбекова.М -3 «А» сынып оқушысы;
7. Канатова.А-3 «В» сынып оқушысы.

Кеңес төрайымы:
Кеңес хатшысы:



Л.Султанова
А.Утешинова

Атырау облысы Білім Беру басқармасы Атырау қаласы білім бөлімінің
«ІТ мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Қамқоршылық кеңес» отырысының

Хаттамасы №3

ІТ мектеп-лицейде «Қамқоршылық кеңесінің» отырысы өтті

Откізілген күні: 20.12.2021ж

Қатысушылар саны – 15

Қамқоршылық кеңестің кезекті жиналысын кеңес төрайымы
Л.Султанова ашып, күн тәртібімен таныстырды.

Күн тәртібі:

1.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы бойынша мемлекеттік білім беру мекемелерінің аз қамтылған, көп балалы, толық емес, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған, жартылай жетім отбасыларынан шыққан, санаты анықталған кемінде үш жыл мәртебесі бар балаларды және кейбір «үздік оқушыларды» жанажылдық тәтті сыйлықтар алуға ұсыну.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қалалық білім бөлімінің 2021жылғы 24 желтоқсандағы №03-04-01-12/3039 хатына сәйкес тәтті сыйлық алатын балалар тізімін жасақтау талаптарымен әлеуметтік педагог А.Утесинова таныстырды.

«Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білімалушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулыға сәйкес Президенттік шыршаға жіберілетін аталған санаттар бойынша 9-13 жас аралығындағы оқушылар болу керектігін айтты. Жалпы мектеп бойынша оқу жылының басында әр оқушының әлеуметтік жағдайын анықтап, барлық сыныптардан сыныптың әлеуметтік төлқұжаттары алынып, ата-аналар жиналысы өтіп, оларға мектеп тарапынан әлеуметтік көмек алу үшін қандай талаптар орындалу керек екендігі таныстырылды. Балалардың әлеуметтік құқығын қорғау және балалардың жақсы білім алуы үшін жағдай жасау оқушылардың тұрмыстық жағдайын және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеу жұмыстарына мектеп әкімшілігі жыл бойы ерекше көңіл бөледі.

Келесі сөз кезегін «Қамқоршылық» кеңесінің төрайымы Л.Султанова алып, мектеп әкімшілігінің шешімімен толық келісетінін және «үздік оқушыларға» да тәтті» сыйлық беруді ұсынды.

Кеңес отырысының қорытындысымен мектеп бойынша оқушылардың тізімін толық қарастырылып, бірауыздан кеңес мүшелері **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Мектеп әкімшілігінің және «Қамқоршылық» кеңес мүшелерінің шешімімен оқушылардың әлеуметтік мәртебесін ескере отырып, жаңа жылдық тәтті сыйлық алуға 3-сынып оқушысы Канатова Азия, үздік оқушылар: Мейрамбекқызы Іңкәр (3-сынып), Амирбек Алдияр (2-сынып), Серік Айкүміс (3-сынып), Алдан Ануар (3-сынып) ұсынылсын.

Кеңес төрайымы:
Кеңес хатшысы:



Л.Султанова
А.Утесинова